


Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы



БЕКІТЕМІН

М. Әуезов атындағы ОҚУ КеАҚ

Басқарма төрағасы-Ректоры

Д. Қожамжарова

» 03 2021 ж.

**Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері комбинациясы бойынша
қалалық және облыстық пәндік олимпиада өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Ұсынылған Ереже М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 2020-2021 оқу жылына арналған кәсіптік бағдар беру жұмысы жоспарына сәйкес, Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша орта білім беру мектептерін бітіруші оқушыларға арналған Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері комбинациясы бойынша қалалық және облыстық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізуді, оны ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді, мақсаты мен міндеттерін, олимпиадаға қатысу тәртібін және жеңімпаздарды анықтайды.

1.2. Олимпиада 11 сынып оқушыларына арналған зияткерлік конкурс болып табылады.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаты мен міндеттері:

2.1. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп бітіруші оқушылардың білімін бағалау нәтижесінде дарынды озат оқушыларды анықтау;

- мектеп бітіруші оқушылардың Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері комбинациясы бойынша жоғары оқу орындары мамандықтарын таңдауға ықпалдық жасау;

- олимпиаданы ұйымдастыру барысында 2021-2022 оқу жылына жоғары оқу орнына оқуға түсу рәсімі бойынша түсушілерге ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша білім беру саласының және М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің беделін көтеру.

3. Олимпиадаға қатысушылар

3.1. Олимпиадаға қатыса алады:

- мектеп бітіруші сынып (11 сынып) оқушылары;
- олимпиада қазақ тілінде және орыс тілінде өткізіледі.

3.2. Тіркеу: қатысушылар олимпиаданың ресми басталуына дейін онлайн тіркеуден өтуі қажет. Қатысушыларға өтініш беру онлайн-режимде электронды почта арқылы жүргізіледі. pk_uku2021@mail.ru

3.3. Қажетті құжаттар:

- жеке куәлік көшірмесі (немесе туу туралы куәліктің көшірмесі);
- фотосурет;
- толтырылған өтінім формасы;
- мінездеме (қатысушының оқу орны ұсынады).

4. Әдістемелік және пәндік комиссиялары

4.1. Әдістемелік және пәндік комиссиялар құрамына М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті кафедраларының профессор-оқытушылары құрамынан алынады.

4.2. Әдістемелік комиссиясы:

- олимпиада пәндері бойынша тест, ауызша-жазбаша емтихан тапсырмаларын дайындайды;
- олимпиаданың пәндік тапсырмаларының орындалуын бағалау критерийлері мен әдістемесін дайындайды;
- олимпиаданың пәндері бойынша тапсырмаларды мектеп бағдарламасына сәйкестігіне қарайды;
- оқушылардың пәндік тапсырмаларының өңделуін жүргізеді;
- олимпиаданың пәндері бойынша тапсырмаларды бекітіп, хаттама дайындайды және оларға рецензия жазады;
- пәндік тапсырмаларды пәндік комиссиясына тапсырады;
- тиісті кезеңдер өткенге дейін тапсырмалардың құпиялығын сақтайды;
- олимпиада туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

4.3. Пәндік комиссиясы:

- олимпиаданың 1 және 2 кезеңдерін Ережеге сәйкес өткізеді;
- олимпиадаға қатысушылардың тест және ауызша-жазбаша жұмыстарының нәтижелерін бағалайды;
- олимпиаданың 1 және 2 кезеңдері бойынша қатысушылардың өту баллын анықтайды;
- олимпиаданың пәні бойынша координаторына нәтижелер ведомосын ұсынады;
- олимпиаданы жеңімпаздарын (жүлдегерлерін) анықтап, марапаттау жөнінде ұсыныстар жасайды;
- олимпиада туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

5. Пәндік олимпиаданы өткізу

5.1. Олимпиада екі кезеңмен 2021 жылдың 10 және 30 сәуір аралығында өтеді.

Олимпиада Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері комбинациясы бойынша пәндік тапсырмалардан тұрады.

1-ші кезең (өңірлік) – тест түрінде жергілікті аудандарда (мектептерде) оффлайн режимінде 2021 жылдың 10-20 сәуір аралығында өтеді.

2-ші кезең – ауызша-жазбаша емтихан түрінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті базасында (Шымкент қ.) оффлайн режимінде 2021 жылдың 20-30 сәуір аралығында өтеді.

Олимпиаданың 1-ші және 2-ші кезең бойынша нәтижелері әлеуметтік желілерде жарияланады (фейсбук, инстаграмм, твиттер).

5.2. Олимпиада Ұлттық бірыңғай тестілеудің келесі бейіндік пәндер комбинациясы бойынша өткізіледі:

- Химия – Физика;
- Химия – Биология;
- Математика – Физика;
- Математика – География;
- Биология – География;
- География – Шет тілі;
- Шет тілі – Дүниежүзі тарихы;
- Қазақ/орыс тілі – Қазақ/орыс әдебиеті;
- Дүние жүзі тарихы – Адам, қоғам, құқық;
- Дүние жүзі тарихы – География.

5.3. Бағалау критерийлері:

1-ші кезең: тестілеу нәтижелері. Әр пән бойынша 25 сұрақ, жалпы 50 сұрақ.

2-ші кезеңге 2 пән жиынтығында кемінде 30 балл, әр пән бойынша кемінде 7 балл жинаған қатысушылар жіберіледі.

2-ші кезең: ауызша-жазбаша емтихан нәтижелері. Әр пән бойынша 3 сұрақ, жалпы 6 сұрақ. Әр сұрақ 5 баллдық жүйемен бағаланады.

6. Қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

6.1. Пәндік олимпиада қорытындысы бойынша жүлделі орынды иеленген қатысушыларға (барлық оқу мерзіміне) оқу ақысына жеңілдік қарастырылған.

6.2. Әрбір қатысушыға қатысқаны үшін сертификаттар беріледі.

6.3. I, II және III орын алған жеңімпаздарға сәйкес дипломдар және оқу ақысына жеңілдіктер туралы сертификат беріледі. Пәндік олимпиада жеңімпаздары пәндер комбинациясына сәйкес білім беру бағдарламалары тобын таңдайды (Қосымша 1).

6.4. Жеңілдіктер туралы сертификаттар саны:

I-ші жүлделі орындардың олимпиада жеңімпаздары 100 % жеңілдік қарастырылған, 10 орын:

- 1 орын (Химия – Физика пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Химия – Биология пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Математика – Физика пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Математика – География пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Биология – География пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (География – Шет тілі пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Шет тілі – Дүние жүзі тарихы пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Қазақ/орыс тілі – Қазақ/орыс әдебиеті пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Дүние жүзі тарихы – Адам, қоғам, құқық пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Дүние жүзі тарихы – География пәндері комбинациясы бойынша).

II-ші жүлделі орындардың олимпиада жеңімпаздары 75 % жеңілдік қарастырылған, 10 орын:

- 1 орын (Химия – Физика пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Химия – Биология пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Математика – Физика пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Математика – География пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Биология – География пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (География – Шет тілі пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Шет тілі – Дүние жүзі тарихы пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Қазақ/орыс тілі – Қазақ/орыс әдебиеті пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Дүние жүзі тарихы – Адам, қоғам, құқық пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Дүние жүзі тарихы – География пәндері комбинациясы бойынша).

III-ші жүлделі орындардың олимпиада жеңімпаздары 50 % жеңілдік қарастырылған, 10 орын:

- 1 орын (Химия – Физика пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Химия – Биология пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Математика – Физика пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Математика – География пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Биология – География пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (География – Шет тілі пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Шет тілі – Дүние жүзі тарихы пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Қазақ/орыс тілі – Қазақ/орыс әдебиеті пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Дүние жүзі тарихы – Адам, қоғам, құқық пәндері комбинациясы бойынша);
- 1 орын (Дүние жүзі тарихы – География пәндері комбинациясы бойынша).

6.5. Жүлделі орын алған оқушының жетекші мұғаліміне мақтау Грамоталары беріледі.

6.6. Бір мектептен 5 және одан көп жүлделі орын алған мектеп ұжымына марапаттау қағазы беріледі.

7. Олимпиаданың ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз етілуі

7.1. Олимпиаданы өткізудің ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

7.2. Ұйымдастыру комитетінің құрамы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті профессор-оқытушылар мен қызметкерлері құрамынан қалыптасады.

Ұйымдастыру комитеті келесі міндеттерді орындайды:

- олимпиаданың барлық шараларының өткізілуін қамтамасыз етеді;
- олимпиаданы өткізу мерзімдері мен орнын анықтайды;
- қатысушылардың тіркелуін ұйымдастырады;
- әдістемелік және пәндік комиссиялар құрамын қалыптастырады және бекітуге ұсынады;
- олимпиаданың тапсырмаларын дайындау бойынша комиссия құрамын қалыптастырады;
- олимпиада жеңімпаздарын бекітеді;
- апелляциялық өтініштерді қабылдап, қарайды;
- олимпиада есебін ұсынады;
- олимпиада туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

Өтінім үлгісі

Қатысушының аты-жөні	Бейіндік пәндері	Қатысу тілі, (қазақ, орыс)	Кері байланыстары (телефон номері, электронды почта)	Оқу орны, мекен-жайы (қала, аудан)	Жетекші мұғалім (аты-жөні, байланыс номері)

Кәсіптік бағдар беру
орталығы директоры



Айтуреев М.Ж.

Пәндер комбинациясы	№	Білім беру бағдарламасы тобының шифры және аталуы
Химия – физика	1	В060 Химиялық инженерия және процестер
Химия – биология	1	В050 Биологиялық және сабақтас ғылымдар
	2	В053 Химия
	3	В072 Фармацевтика өндірісінің технологиясы
	4	В077 Өсімдік шаруашылығы
	5	В078 Малшаруашылығы
	6	В083 Ветеринария
	7	В068 Тамақ өнімдерінің өндірісі
Математика – физика	1	В054 Физика
	2	В055 Математика және статистика
	3	В057 Ақпараттық технологиялар
	4	В059 Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар
	5	В062 Электр техникасы және энергетика
	6	В063 Электр техникасы және автоматтандыру
	7	В064 Механика және металл өңдеу
	8	В065 Автокөлік құралдары
	9	В069 Материалдар өндірісі (шыны, қағаз, пластик, ағаш)
	10	В070 Тоқыма: киім, аяқ киім және былғары бұйымдары
	11	В071 Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру
	12	В074 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс
	13	В076 Стандарттау, сертификаттау және метрология
	14	В183 Агроинженерия
	15	В082 Су ресурстары және суды пайдалану
	16	В094 Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар
Математика – география	1	В044 Менеджмент және басқару
	2	В045 Аудит және салық салу
	3	В046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі
	4	В047 Маркетинг және жарнама
	5	В052 Жер туралы ғылым
	6	В075 Кадастр және жерге орналастыру
	7	В095 Көлік қызметтері
Биология – география	1	В041 Психология
	2	В051 Қоршаған орта
	3	В090 Әлеуметтік жұмыс
География – шет тілі	1	В091 Туризм
	2	В093 Мейрамхана ісі және мейрамхана бизнесі
Шет тілі – дүние жүзі тарихы	1	В036 Аударма ісі
	2	В040 Саясаттану
	3	В140 Халықаралық қатынастар және дипломатия
Қазақ /орыс тілі – қазақ/орыс әдебиеті	1	В037 Филология
	2	В043 Кітапхана ісі, ақпараттарды өңдеу және мұрағат ісі
Дүние жүзі тарихы – адам және қоғам, құқық	1	В049 Құқық
Дүние жүзі тарихы – география	1	В032 Философия және этика
	2	В034 Тарих және археология